



Alikhan Bokeikhan University
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫН
тұрақты инвестициялау
САЯСАТЫ

Ғылымға бағытталған инвестициялар - бұл ғылыми зерттеулерге, университеттің ғылыми материалдық-техникалық базасын сатып алу және жаңғырту, ғылыми инфрақұрылымның құрылысын, жұмыс істеуін және жаңғыртуын қаржыландыру, ғылыми қызметкерлерге еңбекақы төлеу қорларын қалыптастыруды қамтитын шығыстар кешені.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (ҒЗТКЖ) орнықты дамуға және оны іске асыру қағидаттарына үлес қосады.

Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының талаптарына сәйкес «Alikhan Bokeikhan University» ғылымның, бизнестің және өндірістің интеграциясын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Ғылыми-инновациялық жүйенің даму дәрежесі тұрақты экономикалық өсудің негізін қалыптастырады және өңірдің ұлттық ғылымды дамытуға толыққанды қатысуының қажетті шарты болып табылады.

Қоғам білім беру, ғылыми және инновациялық қызметті және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды тиімді жүзеге асыратын көпсалалы университет болып табылады.

Миссиясы: жұмыспен қамтуға ықпал ететін кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған сапалы академиялық бағдарламаларды ұсыну арқылы өңірдің білім беру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-мәдени дамуына оң үлес қосу.

Пайымдау: жұмыспен қамту мүмкіндіктерін арттыратын және өңірдің экономикалық өсуіне оң ықпал ететін, әлеуметтік-жауапкершілікті университет ретінде кәсіби танылған қоғамдастыққа айналу.

Тұрақты инвестициялау саясатын қабылдаудың мақсаты ғылыми зерттеулер мен инновацияларды тұрақты түрде қаржыландыруды қамтамасыз ету; өзекті нәтижелері мен коммерцияландыруға әлеуеті бар ғылыми жобаларды қолдау.

Саясат келесі міндеттерге қол жеткізуге бағытталған:

- инновациялардың экожүйесін құру және ғылыми зерттеулерді қолдау;
- университеттің ғылыми инфрақұрылымын дамыту;
- ғылым мен бизнестің ынтымақтастығы мен интеграциясын кеңейту;
- технологиялар мен ғылыми білімді трансферттеу тетіктерін жетілдіру;

- университеттің ғылыми зерттеулері шеңберінде тұрақты даму қағидаттарын қолдау.

Ғылым мен инновациялық қызметті тұрақты инвестициялаудың негізгі принциптері:

1. Тұрақты және ұзақ мерзімді қаржыландыру

Саясат ұзақ мерзімді ғылыми зерттеулерге қаржыландырудың тұрақты және жеткілікті көлемін бөлуді көздейді.

Жоғары ғылыми технологияның даму деңгейі қазіргі уақытта аймақтың экономикалық жағдайы мен ғылыми-өндірістік әлеуетінің негізі болып табылады.

Университет ғылым, білім және өндіріс салаларындағы интеграциялық процестердің орталық буыны болады. Ғылыми-зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде университет өндірістік саланың тапсырысы бойынша іргелі зерттеулерді және ғылыми-қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелерді дамытуға, сондай-ақ инновациялық инфрақұрылымды дамыту, білім, ғылым және өндіріс арасындағы байланыстырушы буын болып табылатын ғылыми-инновациялық орталықтар, технопарктер құру бойынша жұмыс жүргізуге ұмтылады.

Еліміздің және шетелдің ғылыми ұйымдарымен тығыз интеграция университеттің ынтымақтастық аясын кеңейтіп, мемлекет дамуының басты міндеттерін ғылыми қамтамасыз ету бойынша жаңа зерттеу топтарын құру бойынша интеграциялық мәселелердің ауқымын айтарлықтай арттырады. Білім мен ғылымды интеграциялау қазақстандық ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына қосқан үлесінің ұлғаюына алып келеді.

Білім беруді, ғылымды және инновацияларды интеграциялау мақсатында профессорлық-оқытушылық құрамы мен білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне және ғылыми жобаларды іске асыруға жан-жақты тарту қажет.

Университет ғылымының стратегиялық міндеттерін шешу үшін ғылыми әзірлемелерді коммерциаландыруды тиімді жүзеге асыру және нақты сектормен және бизнспен өзара әрекеттесуін күшейту қажет. Ғылыми зерттеулер мүмкіндігінше экономика мен қоғамның қазіргі қажеттіліктеріне бағытталуы керек.

2. Ғылыми зерттеулер мен тұрақты даму принциптерінің байланысы

Саясат арнайы инвестицияны қажет ететін ғылымның негізгі салаларын анықтайды. Бұл жасанды интеллект, биотехнология, экология және т.б. салалар болуы мүмкін. Бұл ретте адамзаттың алдында тұрған қоғамдық қажеттіліктері мен жаһандық сын-қатерлері ескеріледі

Университеттің ғылыми саясаты университеттің бейініне сәйкес тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізу үшін ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыруға және ғылыми мектептерді дамытуға негізделеді, атап айтқанда:

1. Кез келген жастағы барлық адамдардың әл-ауқатына және салауатты өмір салтына ықпал жасау.

2. Барлығын қамтитын және әділ сапалы біліммен қамтамасыз ету және үздіксіз білім алуға мүмкіндік беру.

3. Барша әйелдер қауымының құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтіп, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету.

4. Барлық адамдар үшін санитария мен су ресурстарының қол жетімділігі мен ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету.

5. Үдемелі, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толық, нәтижелі және лайықты жұмыспен барлығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

6. Тұтыну мен өндірудің оңтайлы модельдеріне көшуді қамтамасыз ету

7. Тұрақты даму үшін бейбіт және ашық қоғамдар құруға жәрдемдесу, барлығына әділ сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету және барлық деңгейде тиімді, есеп беретін және кенінен қатысуға негізделген мекемелер құру

8. Орнықты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және орнықты даму мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру

Университет ғылымының басым бағыттарын анықтауға бағытталған пәнаралық зерттеу топтары құрылады.

Ғылыми әлеуетті дамыту және ресурстарды ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттарына шоғырландыру ғылыми зерттеулер нәтижелерінің инвестициялық тартымдылығын және технологиялар трансферті мен коммерцияландыруды дамытуды қамтамасыз етеді. Ғылыми гранттарға өтінімдерді дайындау кезінде бірлесіп қаржыландыру тетігі, технологиялық міндеттерді шешу, конструкторлық бюролардың инфрақұрылымын пайдалану, инкубациялау, акселерациялау және басқарлары арқылы нақты сектормен байланыс ескерілетін болады.

3. Ғылыми қоғамдастықты құру

Саясат ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары, индустрия және мемлекет арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Бұл күрделі мәселелерді шешу үшін күш пен ресурстарды біріктіруге, сондай-ақ инновациялар мен технологияларды тасымалдау экожүйесін құруға мүмкіндік береді.

Университеттің стратегиялық серіктестігі тұрақты жаһандық дамуды қалыптастыратын озық шетелдік ЖЖОКБҰ мен ғылыми орталықтарына бағытталатын болады. Шетелдік серіктес университеттермен екі дипломды бағдарламалар бойынша кардлар даярлау жүзеге асырылатын болады.

Әлемдік ғылыми кеңістікке одан әрі кірігу Университет ғалымдарының стратегиялық инновациялық бағыттар бойынша әлемдік жетекші ғылыми және зертханалық кешендер базасындағы халықаралық ұжымдарға қатысуы арқылы жүзеге асырылатын болады.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ғалымдардың ғылыми тағылымдамалар саны ұлғаятын болады, бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейі мен сапасының артуына және шет тілдерін меңгеруді, жарияланымдық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Университет неғұрлым өзекті бағыттар бойынша ғылыми жобаларды орындау мақсатында қазақстандық және халықаралық жетекші жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейтеді.

Қазақстандық және халықаралық нарықта Университеттің зерттеулері мен әзірлемелері үлесінің өсуі қамтамасыз етілетін болады. Ғылыми-зерттеу әлеуетін нығайту мақсатында қазақстандық және халықаралық ұйымдар қаржыландыратын гранттардың санын ұлғайту қамтамасыз етілетін болады.

Аталған шараларды іске асыру ғылыми қызметті интернационалдандыруға және Университеттің халықаралық зерттеу кеңістігіне одан әрі интеграциялануына ықпал ететін болады.

4. Ғылыми әлеуетті дамыту

Ғылым саласын тұрақты инвестициялау саясаты білім беруді қолдау және ғылыми кадрларды дамыту шараларын қамтиды. Бұл шәкіртақыларды қаржыландыру, ғылыми мектептер мен конференциялар ұйымдастыру, зертханалар құру және т.б. болуы мүмкін. Мұндай қолдау дарынды ғалымдар мен зерттеушілерді тартуға және тұрақты қалуына көмектеседі.

Инновациялық белсенділікті ынталандыру жүйесін әзірлеу және енгізу профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу қызметіне тартылуын арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғары белгісіздік жағдайында жұмыс істеуге және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау мақсатында білім беру қызметтерін әртараптандыру және оқытудың жаңа форматтарын енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Университет неғұрлым сұранысқа ие кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның білім беру бағдарламаларының кешенін іске асыратын болады.

Университет көп бейінді білім беру және ғылыми-зерттеу орталығы ретінде еліміздің адами (зияткерлік) әлеуетін қалыптастыруға, зерттеулер мен технологиялардың алдыңғы шебінде жұмыс істеуге қабілетті, кәсіби кадрларды даярлауға барынша үлес қосады.

Университеттің ғылым және инновациялық қызметті тұрақты инвестициялау саясаты жаңа технологияларды дамытуға және адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге ықпал ететін сапалы зерттеулер жүргізу үшін жағдай жасайтын ғылым мен инновацияны дамытудың маңызды құралына айналады.

5. Нәтижелілік және есептілік

Саясат ғылыми жобалардың нәтижелерін мониторингтеу және бағалау жүйесін ескеріп отырады. Бұл инвестициялардың тиімділігін анықтауға және алынған нәтижелерге байланысты қаржыландыру стратегиясын түзетуге мүмкіндік береді.

Оқытушылар мен білім алушылардың зерттеу құзыреттерін арттыру мақсатында қазақстандық және халықаралық ұйымдардың жетекші сарапшыларын тарта отырып, ғылыми зерттеулердің кешенді әдістерін пайдалану және ғылыми жарияланымдар мен гранттарға өтінімдерді дайындау дағдыларына оқыту бойынша тренингтер ұйымдастырылатын болады.

Ғылыми нәтижелерді ілгерілету бойынша интернет-платформаны құру Университеттің зерттеу жобаларының инвестициялық тартымдылығы мен қажеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Университеттің ғылыми зерттеу нәтижелерінің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізетін әсері тұрақты негізде бағаланып отыратын болады.

Ғылыми кеңес отырысында бекітілген

2023 жылғы 27 қыркүйектегі №1 хаттама